

## ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

«Эйр Астана» АҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген  
№221 хаттама 13 мамыр 2022 ж.

### «ЭЙР АСТАНА» АҚ-НЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

«Эйр Астана» АҚ ішкі және халықаралық бағыттарда клиенттердің ойынан шығатын, компанияның мүдделеріне және Қазақстан Республикасының мұқтаждықтарына сай келетін ең жоғарғы қауіпсіздік және сервис стандарттарына сәйкес авиатасымалдау қызметтерін көрсетеді.

«Эйр Астана» АҚ [экологиялық қатерлерді](#) азайтуды, әуе компаниясы қызметкерлерінің, клиенттерінің, мердігерлерінің және жеткізушілерінің өмірі мен денсаулығының сақталуын қамтамасыз етуді өз дамуының негізгі корпоративтік басылымдықтары мен анықтаушы факторларының бірі деп санайды.

Осы мақсатты іске асыру үшін «Эйр Астана» АҚ оқыс оқиғалар мен аурулар, [апаттық жағдайлар туындауының алдын алу жұмысының тиімділігін арттыруға, туындайтын қауіптерді, тәуекелдер мен мүмкіндіктерді, экологиялық аспектілерді бағалауға және бақылауға, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау, денсаулық пен еңбек қауіпсіздігі саласындағы нәтижелілік көрсеткіштерін тұрақты түрде жақсартуға](#) мүмкіндік беретін денсаулық пен еңбек қауіпсіздігі, [қоршаған ортаны қорғау](#) саласындағы халықаралық стандарттар бойынша қызметті жүзеге асырады.

Осыған байланысты «Эйр Астана» АҚ басшылығы келесі міндеттемелерді өз мойнына алады:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына, мемлекеттік нормалар мен қағидаларға, компанияда қолданылатын технологиялық регламенттерге, ережелерге, стандарттар мен нұсқаулықтарға сәйкес салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету;

- жарақаттанушылықтың тұрақты азайтылуын қамтамасыз ету, оқыс оқиғалар мен апаттық жағдайлардың алдын алу;

- [қоршаған ортаға тигізілетін жағымсыз әсердің азайтылуын, табиғи ресурстардың тиімді пайдаланылуын, ресурстардың үнемделуін қамтамасыз ету, климаттың өзгеруімен күресудің мүмкін болатын барлық шараларын қолдану және, қажет болса, қоршаған ортаға тигізілген зиянды өтеу;](#)

- еңбекті, [қоршаған ортаны](#) қорғау және кәсіби қауіпсіздік саласындағы басқаруды халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес жүзеге асыру;

- персоналдың еңбек жағдайларын жақсарту және сауықтыру, [табиғи ресурстарды тиімді пайдалану](#) іс-шараларын әзірлеу және енгізу;

- [өндірістік экологиялық бақылау мен мониторинг жүргізу, Компанияның шаруашылық қызметінің қоршаған ортаға тигізетін әсерін бағалау;](#)

- тәуекелдер мен қауіптерді жүйелі түрде бағалау, тәуекелдерді азайту және қауіптерді жою шараларын басқару, уақытылы шешімдер қабылдау, сондай-ақ денсаулық пен еңбек қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау менеджменті жүйесін тұрақты жақсарту;

- менеджмент жүйелерінің тиімді жұмыс істеуі үшін қажет ресурстарды беру;

- консультациялар жүргізу, персоналдың қатысуына жәрдемдесу және денсаулық пен еңбек қауіпсіздігі, [қоршаған ортаны қорғау](#) менеджменті жүйесінің қызметі, жұмыс істеуі және оны жақсарту жөніндегі жұмыскерлердің пікірлерін ескеру;

- бүкіл персоналға денсаулық пен еңбек қауіпсіздігі, [қоршаған ортаны қорғау](#) менеджменті жүйесі саласында қолданылатын саясат туралы ақпаратты хабарлау;

- қауіпсіздік мәдениетінің, персонал біліктілігінің және [табиғи ресурстарға ұқыпты қараудың](#) деңгейін тұрақты түрде арттырудың арқасында компанияның қауіпсіз және тұрақты дамуын қамтамасыз ету.

«Эйр Астана» АҚ-ның денсаулық пен еңбек қауіпсіздігі, [қоршаған ортаны қорғау](#) менеджменті жүйесі саласындағы саясаты барлық қызметкерлер мен әуе компаниясы жұмыс істейтін мүдделі ұйымдарға қолжетімді.